

**«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Шамахай Сайраның «Құпия шежіре»: мәдени-философиялық талдау» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысына ресми**

## **СЫН-ПІКІР**

**1. Зерттеу жұмысының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламаларме (практикалық ғылым мен техника дамуының сұраныстармен) байланысы.**

Диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі біздің дәуіріміздің сонау XIII ғасырында Шыңғыс хан ордасында жазылған «Құпия шежіресіне» тұңғыш рет мәдени-философиялық талдау жасалынуымен байланысты деп айта аламыз.

Әр халықтың көне мәдениетінен сыр шертетін шежірелері сол халықтың ұлттық мәдени-фәлсафалық ойлар жүйесінің рухани постулаты болатыны анық. Осы ретте ізденушінің: «Көшпелілер үшін шежіре – олардың дәстүрлі мәдениеті тудырған әлеуметтік, тарихи білім, генеалогиялық жады сабақтасығы», -деген көзқарасымен келісеміз. Шындығында шежіре – әр этностың белгілі бір тарихи кезеңдегі мәдени-философиялық ойлар өрісінің уақыты мен кеңістігі болатыны заңдылық. «Құпия шежіресіне» сондықтан XIII ғасырдағы біздің арғытегіміздің мәдени-философиялық эпистемасы десек артық айтпағандық.

Тақырыптың өзектілігін автор аталмыш шежіренің біздің рухани мәдениетіміздің ерекшеліктерін анықтаудың эпистолярлық негізі ретінде қарастырумен байланыстыратыны орынды деп санаймыз. Демек, автор тарихи деректемелік материалдарға негзделе отырып қазақтың көне дүниетанымдық ұстанымдарын белгілеуге, олардың ішкі әлеміндегі имманенті философиялық ой интенциясын ашуға, қазақтың төл мәдени рух азаттығының бастау көздері әлеуетін анықтауға кадам жасауы құптарлық жағдай.

Тақырыптың өзектілігін шыңдай түсетін ендігі бір тұсы – оның мемлекеттің бүгінгі рухани-мәдени даму саясатындағы стратегиялық әрі тактикалық ұстаным-басымдықтарымен үдес болуы деп айта аламыз. Оны мемлекетіміздің алғашқы Президенті, Елбасының: «...Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болған ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» [3] – деген сөзі дәлелдей түседі.

Сонымен аталмыш тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы қазақтың ежелгі даласындағы түркі тілді мәдениеттің көне тарихындағы осы бір рухани байлықты келесі ұрпаққа қадірін түсірмей жеткізе білу осындай ғылыми зерттеулер арқылы іске асырылатынымен артпақ деп есептейміз. Бұл қазақтың философиялық ойлау мәдениеті тұғырын биітете түсетіні анық.

Осы ретте, «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Шамахай Сайраның «Құпия шежіре»: мәдени-философиялық талдау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін өзекті мәселеге арналған деуге негіз бар.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.**

Диссертация жалпы үш тараудан, оның әрқайсысы үш тараушадан тұрады. Онда қойылған мақсатқа байланысты нақты міндеттер шешілген. Диссертант қойылған міндеттерді шешу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді:

**Бірінші ғылыми нәтижеде** әлемдік және отандық зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдарына сүйене отырып «Құпия шежіре» руханилығы өз бастауын VI ғасыр түркілер мәдениетінен алғаны, ортағасырлық шежірелерге ықпалы анықталған.

**Екінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіренің» мәдени-философиялық қырын ашу үшін дүниетанымдық, діни, адамгершілік, мәдени, рухани құндылықтар тұрғысынан талдауға негіз бар екені тұжырымдалған.

**Үшінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіредегі» мифологиялық түсініктерге, мифтік сюжеттерге, символ белгілерге талдау жасалып, Шыңғыс ханың ата тек тарихындағы кейбір тұлғаларды бейнелеуде тотемдік және космогониялық архетиптер қолданылғаны анықталған.

**Төртінші ғылыми нәтижеде** көшпелілер тарихында «мәңгі» сөзінің қолдануы Түркі мемлекеттерінен бастау алғанын, Шыңғыс хан өзінен бұрынғы түркілердің «мәңгілік» идеясын негізге алып, «Мәңгі Тәңір» атауын қалыптастырғанын және діни-философиялық мағына еңгізгенін тұжырымдаған.

**Бесінші ғылыми нәтижеде** зерттеу жұмысының басты мәселесі болып табылатын «Құпия шежіреге» философиялық-мәдени талдау жүргізу арқылы ұрпақтар сабақтастығы алдында үлкен рөл атқарған бірлік, адалдық, әділдік, батырлық, ар-ұят, намыс сияқты рухани құндылықтардың «Құпия шежіре» мазмұнында көрініс табатыны дәйектелген.

**Алтыншы ғылыми нәтижеде** XIII ғасырдағы көшпелі тайпалардың салт-дәстүрі Түркі мемлекеттерінің озық мәдениеті негізінде дамып, жетілдірілген жаңа форматта өз жалғасын тапқаны анықталады.

**Жетінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіреде» Шыңғыс ханның тұлғалық қасиеттеріне мәдени-философиялық талдау жасалып, адамзат баласы тарихындағы өз заманына және ұзақ болашаққа әсер еткен тұлға екендігі дәлелденген.

## **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** анық және айқын дәлелденген деуге негіз бар. Шежіре және шежірешілдік үрдістің көшпелілер қоғамындағы орны, ауызша және жазбаша түрде қалудағы маңызы, ғылымда «оқиға және факт» талабы бойынша бағалануы (13-16 бб.) әлемдік және отандық зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдары арқылы талданған. Сонымен қатар, Шыңғыс хан заманындағы шежірешілдіктің көрсеткішін «Құпия шежіреден» нақты мысал келтірумен (16-17 бб.) дәлелдеген. Сонымен қатар, «Құпия шежіре» руханилығы өз бастауын VI ғасыр түркілер мәдениетінен алғаны (13-14 бб.), ортағасырлық шежірелерге ықпалы (17-18 бб.) анықталған. Империялық интеграция нәтижесінде Орталық Азияның әр жерінде иелік еткен Шыңғыс хан мұрагерлері арқылы мазмұн, мотивтері ұқсас көптеген ортағасырлық атақты шежірелердің (16-19 бб.) жазылуына негіз болғандықтан «Құпия шежірені» Орталық Азия халықтарына ортақ мәдени мұра ретінде бағалаған.

**Екінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген болып табылады. «Құпия шежіренің» түпнұсқасына XIII ғасырдан бері жеті ғасырлық уақыт аралығында түрлі мәдени кеңістік пен қоғам формациясында өмір сүрген зерттеушілер тарапынан өзгерістер еңгені, шежіреге аудармашылар мен зерттеушілер арқылы (20-22 бб.), әлемге таралуы (23-25 бб.), зерттелуі (26-27 бб.) қазіргі нұсқасының қалыптасуы, шежіренің атауына (28-31 бб.), құрылымына (33-35 бб.), мазмұнына әсер еткен объективті және субъективті себеп-салдары, тілі (32-33 бб.), авторы (35-37 бб.) туралы мәдени, танымдық зерттеулерге шолу жасалған. Әлем зерттеушілері арасында түрлі дискурстың туындауы себепті, шежіре әлі де болса түпнұсқасы арқылы түркі халықтарының сұхбаты негізінде мұқият зерттелуді талап ететінін анықтаған. Сонымен қатар, «Құпия шежіренің» мәдени-философиялық қырын ашу үшін дүниетанымдық, діни, адамгершілік, мәдени, рухани құндылықтар тұрғысынан талдауға негіз бар екені тұжырымдалған.

**Үшінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген. «Құпия шежіренің» бір ғана ғасырдың туындысы емес, тамыры тереңге тартылған аңыз-әңгіме, өлең-жырларының архетиптік образдан, мифологиялық дүниетанымнан, архаикалық санадан хабар беретіні дәлелденген. Мифті зерттеудің ғылымдағы қалыптасқан әдістемелеріне, әлемдік және отандық ғалымдардың қағидағтарына сүйене отырып, шежіредегі мифологиялық түсініктерге, мифтік сюжеттерге, символ белгілерге талдау жасаған. «Құпия шежіреде» Бөрте-Чино (50-53 бб.), Алун ана (54 б.), Добун мерген, Төбе Соқыр (53-54 бб.), Эрхий Мерген (Бармақ Мерген) (62-63 бб.) сынды түркі мемлекетіне дейінгі мифтік кейіпкерлер және бөрі (50-51 бб.), нұр, сәуле (54-56), ит (56-57 бб.), ақ сұңқар (58-59 бб.), тау, тас (59-60 бб.), сиыр (60-62 бб.) сынды тотемдік және космогониялық архетиптер, сандық белгілер (65 б.), әлем моделі (65 б.) туралы ұғымдар көшпелілердің дүниетанымына сай көркемделіп, архаикалық синкреттік санамен рәмізделіп берілгені дәлелденген.

**Төртінші ғылыми нәтиже** нақты және түбірлі жаңа болып табылады. «Құпия шежіреде» XII-XIII ғасыр көшпенділері жаратушы ретінде – Тәңірге табынып, Көк Аспан – Қара Жердің киесін қастер тұтып, ата-баба аруағына сиынып, шаманизм шарттарын орындап келумен қатар, ғасырлар бойы жалғасқан тәңірлік сенімнің жаңа деңгейге көтерілгендігі анықталған. Шежіреде жиі кездесетін «Мәңгі Тәңір» ұғымының пайда болу түпнегізіне зерттеу жасалған. Тәңірліктің жалпы сипаты, көшпелілердің әлемді түсіну философиясы (66-69 бб.), шаманизм шарттары (71-73 бб.), көшпелілер діни санасына күнә-сауап туралы ұғымның қосылуы (74 б.), көшпелілер тарихында «мәңгі» сөзінің қолданылуы Түркі мемлекеттерінен бастау алғаны (75-77 бб.), Шыңғыс хан өзінен бұрынғы түркілердің «мәңгілік» идеясын негізге алып, «Мәңгі Тәңір» атауын қалыптастырғаны (77-78 бб.) және оған «Көкте – Тәңірі, Жерде – Қаған» тұжырымдамасы (77 б.) арқылы діни-философиялық мағына енгізгені шежіре мәліметтері мен қосалқы тарихи құжаттар арқылы дәлелденген.

**Бесінші ғылыми нәтиже** нақты және негізделген болып есептеледі. «Құпия шежіренің» тарихи оқиғаны баяндаудағы таным жүйесіне, әдеп құндылықтарын қалыптастырудағы дәстүрлі әдіснамасына, этикалық қағидалардың жасалуына, сөз өнері, мақал-мәтел, өлең-жырларының ерекшелігіне шолу жасай келе зерттеу жұмысының басты мәселесі болып табылатын ұрпақтар сабақтастығы алдында үлкен рөл атқарған бірлік, адалдық, әділдік, батырлық, ар-ұят, намыс сияқты рухани құндылықтардың көрініс табуы дәйектелген. Көшпелі тайпалардың аксиологиялық-мазмұндық түлеуіне олардың әдеп жүйесі, дәстүрлі адамгершілік принциптері, ұстанымдары, ділдік ерекшеліктері қаншалықты маңызды орын алғаны пайымдалған. Атап айтсақ, бірлік пен татулықтың Алун анадан басталып, Сорқақтаниға дейінгі төрт-бес ғасырлық сабақтастығы (91-95 бб.), тектілік (96 б.), әділдік пен адалдық (97-100 бб.), батырлық (101 б.), ар-ұят (102-103 бб.), намыс (104 б.).

**Алтыншы ғылыми нәтиже** нақты және негізделген. XIII ғасырдағы көшпелі тайпалардың салт-дәстүрі Түркі мемлекеттерінің озық мәдениеті негізінде дамып, жетілдірілген жаңа форматта өз жалғасын тапқаны анықталған. *Мысалы*, атқою салты (106-108 бб.), үйлену, неке салты (109-111 бб.), отчигин атану салты (112 б.), жоқтау салты (113-114 бб.), қымызмұрындық салты, мойын жеу салтының мағынасы (117-118 бб.), Жаса, Білік заң ережелері (119 –120 бб.) сынды т.б. салт-дәстүрлік көріністердің талдануы арқылы. дәстүрлі құндылықтар мен құқықтық қағидалардың өзара үйлесіп, бірыңғай тәртіптің орныққаны және елдік сананы адамгершілікті заңмен қорғайтын құқықтық мәдениеттің қалыптасқаны дәлелденген.

**Жетінші ғылыми нәтиже** нақты және негізделген болып есептеледі. «Құпия шежіреде» Шыңғыс ханның тұлғалық қасиеттеріне мәдени-философиялық талдау жасалып, адамзат баласы тарихындағы өз заманына және ұзақ болашаққа әсер еткен тұлға екендігі дәлелденген. Оның тұлғалығы – елдің тыныштығын, береке-бірлігін сақтау жолында жасаған әрекеттері, болашақ ұрпақ қамы үшін енгізген жаңашылдықтары, бірлікке, әділдікке,

адалдыққа, білімге, тәртіпке деген ерекше талаптары, өзінің күш-жігер, қадір-қасиет, потенциалын халық игілігіне арнаған нақты іс-әрекеттері (122-125 бб.) арқылы анықтала отырып, көшпелілер жадында ұзақ ғасырлар бойы сақталу дәрежесіне салыстырмалы шолу (127-131 бб.) арқылы баға берілген.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиже (қағида) мен тұжырымның жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже түбірлі жаңа**, «Құпия шежіре» бір ғана ұлтқа тиесілі емес, Орталық Азия көшпелілеріне ортақ мәдени мұра ретінде алғаш зерттеледі.

**Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа**, өйткені «Құпия шежіренің» мәтіндік зерттелуі, аудармасына байланысты әлем зерттеушілері арасында ортақ келісім болмауы шежірені әлі де болса түпнұсқасы арқылы түркі халықтарының сұхбаты негізінде мұқият зерттеуді талап ететіні анықталды.

**Үшінші ғылыми нәтиже жаңа**, «Құпия шежіредегі» мифологиялық түсініктер, мифтік сюжеттер, символ, белгілер, тотемдік және космогониялық архетиптер халық даналығын көркем түрде кейінгі ұрпаққа жеткізіп, танымдық мазмұнын сақтаумен қатар, Шыңғыс ханның ақсүйектік, мұрагерлік құдіреттілігін паш етуде өзіндік үйлесімдігін тапқандығы дәлелденген.

**Төртінші ғылыми нәтиже түбірлі жаңа**, өйткені Шежіредегі таным процесі мифологиялық, діни танымнан бастау алып, пәлсапалық танымға жеткен. Шыңғыс хан өзінен бұрынғы түркі мемлекеттерінің «мәңгілік» идеясын негізге алып, Тәңір түсінігіне «Мәңгі» сөзін қосып, «Мәңгі Тәңір» атап, терең діни-философиялық мағына енгізді және бұл түсінікті ұғым тұғырына жеткізді. «Көкте – Тәңірі, Жерде – Қаған» тұжырымдамасын енгізді.

**Бесінші ғылыми нәтиже жаңа**, себебі «Құпия шежіреде» көшпелі тайпалардың аксиологиялық-мазмұндық түлеуіне олардың әдеп жүйесі, дәстүрлі адамгершілік принциптері, ұстанымдары, ділдік ерекшеліктері көшпелілердің дәстүрлі этика заңдылықтары мен принциптеріне сәйкес берілгендігі анықталған.

**Алтыншы ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа**, XIII ғасырдағы көшпелі тайпалардың салт-дәстүрі Түркі мемлекеттерінің озық мәдениеті негізінде дамып, жетілдірілген жаңа форматта өз жалғасын тапқандығы дәлелденген.

**Жетінші ғылыми нәтиже жаңа** «Құпия шежіреде» Шыңғыс ханның өз заманын және ұзақ болашағын жасаған тұлға екендігі дәлелденген. Оның тұлғалығы – елінің қауіпсіздігін, береке-бірлігін сақтау жолында жасаған әрекеттері, өзінің күш-жігер, қадір-қасиет, потенциалын халық игілігіне арнаған нақты іс-әрекеттері арқылы анықталып, көшпелілер жадында ұзақ ғасырлар бойы сақталу дәрежесіне баға берілген.

**5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Аталмыш тақырып бағытындағы зерттеу бүгінгі таңда отандық ғылымда теориялық жағынан да, практикалық тұрғыдан да аса маңызды. Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен түйіндемелер қазақ философиясының тарихы, түркі мәдениеті, дінтану мен діни аксиология үшін зерттеу базасын кеңейтетін теориялық тұрғыда құнды ізденіс болатынын көрсетеді.

С.Шамахайдың диссертациялық зерттеуінің нәтижелері мен қағидалары «Құпия шежірені» Орталық Азиядағы мәдени және идеологиялық құбылыс ретінде мәдени-философиялық тұрғысынан әрі қарай зерттеуге, ұлттың рухани құндылықтарын түгендеуге өзіндік үлесін қосып, осы тақырыпты жалғастырушыларға, студенттерге, магистранттарға арнайы курстарды оқуда қолданыс таба алады.

#### **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

С.Шамахайдың диссертациялық жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары 16 ғылыми мақаламен жарық көрді. Атап айтсақ, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика, гуманитарлық пәндер бойынша арнайы журналдарда - 5; халықаралық ғылыми конференциялардың жинағында - 5; республикалық ғылыми конференция жинағында - 1; форум жинағында - 1; шетелдік ғылыми семинар жинағында - 1; монографияда - 2; Scopus базасындағы импакт-факторы бар журналда - 1.

#### **7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыс құрылымы талаптар бойынша дұрыс жүйеленген. Бөлімдер мен тараулар дұрыс пропорция бойынша жіктелген. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан талапқа сай жазылған. Әдебиеттердің пайдаланылуы, ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеу қорытындылары сауатты, орынды келтірілген.

Дегенмен, диссертацияда кейбір төменгідей кемшіліктер орын алған деп санаймыз:

1. Бірінші тараудағы параграфтардың 1.2. тараудың аталымына жауап беріп тұр деп айтуға келіңкіремейді. Өйткені тарауда мәселенің мәдени-философиялық зерттелуінің принциптерін анықтау талап етіледі.
2. Кейбір стилдік ақаулар орын алған деп есептейміз.

Алайда аталған кемшіліктер С.Шамахайдың зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесін, сапасын төмендетпейді.

#### **8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Шамахай Сайраның «Құпия шежіре»: мәдени-философиялық талдау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы жоғары дәрежеде жазылған, аяқталған жұмыс болып табылады. Автор зерттеу жүргізу барысында көп іс атқарғаны көрініп тұр.

Диссертациялық зерттеу жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторы Шамахай Сайра «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп есептейміз.

**Пікір жазған:**

**Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ  
ЖОО-нан кейінгі білім беру факультеті  
кафедрасының профессоры,  
филос.ғ.д.**



**Д.С. Раев**